

ПАТРОНАТТЫҚ ТӘРБИЕ

2-БЕТ | ҚОСШЫ ТЫНЫСЫ



«ӨНЕР»
ЖАС ДАРЫНДАР АКАДЕМИЯСЫ

4-БЕТ | ТЫНЫС



ШАХМАТ ПЕН ШЕНЕУНІК

5-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



КАК ГОВОРИТЬ С РЕБЁНКОМ
О БЕЗОПАСНОСТИ?

11-БЕТ | БЕЗОПАСНОСТЬ


# Jaňa Bastau

№20(159)
24 МАМЫР
СЕНБІ
2025 ЖЫЛ

ГАЗЕТ 2022 ЖЫЛДЫҢ
22 АҚПАНЫНАН
БАСТАП ШЫҒАДЫ

janabastau
www.janabastau.kz
janabastau1@gmail.com

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ


# МЕКТЕБІМ, САҒАН МЫҢ АЛҒЫС!

**СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ!**

Биыл Қосшыда 473 оқушы мектеп бітіріп отыр. Олардың ішінде 13 түлек – «Алтын белгіге», 25-і «Үздік аттестатқа» үміткер. Қала әкімі Азамат Қапышев мектеп-гимназияда өткен салтанатты жиынға қатысып, түлектерге жүрекжарды лебізін арнады.

(Жалғасы 2-бетте)




Фотосурет әкімдіктің баспасөз қызметінен алынды

**РУХАНИЯТ ЖАҢҒЫРЫҒЫ**

## МӘДЕНИЕТ ПЕН ӨНЕРДІҢ МЕРЕКЕСІ

Мәдениет – бұл ұлттың мәңгілігін баяндайтын рухани тамыр, ғасырлар қойнауынан жеткен жүректің үні. 21 мамыр – елімізде 2013 жылдан бері аталып өтіп келе жатқан Мәдениет пен өнер қызметкерлері күні – сол үнге құрмет көрсетіп, өнер мен руханияттың өмірінің өзегі еткен жандардың еңбегі еленетін күн. Бұл күн Қосшы қаласында да ерекше бір қуанышпен, шабыт пен шапағатқа толы салтанатпен аталып өтті.

4-бет

**СӘРСЕНБІНІҢ СӘТІНДЕ**

## ҚОСШЫ ӘКІМДІГІНДЕ МӘСЕЛЕЛЕР АШЫҚ ТАЛҚЫЛАНДЫ

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ел басқаруда ұстанып отырған басты бағыттарының бірі. Осы қағидатты жүзеге асыру мақсатында Қосшы қаласының әкімі Азамат Қапышев кезекті азаматтардың жеке қабылдауын өткізді. Ашық әрі сындарлы диалог форматында өткен кездесуге қалалық мәслихат депутаты, Қоғамдық кеңестің мүшесі және жергілікті атқарушы органдардың тиісті бөлім басшылары қатысты.

2-бет

**САНАҚ**















# МЕКТЕБІМ, САҒАН МЫҢ АЛҒЫС!

СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ!

(Басы 1-бетте)

– Бұл күн – үлкен өмірге бастар маңызды қадам. Қай жолды таңдасаңыздар да, табанды еңбек пен адал ниетпен алға ұмтылыңыздар. «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан» дегендей, қоғамдағы өз орныңызды тауып, еліңіздің өркендеуіне үлес қосатыныңызға сенемін.

Құрметті ата-аналар, ұстаздар және жас түлектер! Сіздерді оқу жылының аяқталуымен шын жүректен құттықтаймын!

Құрметті ұстаздар! Сіздердің еңбектеріңіз арқылы ұрпақ білім мен тәрбие алып, болашаққа жолдама алды. Балаларды білімге баулып, елге адал болуға тәрбиелегендеріңіз үшін алғыс білдіремін.

Құрметті ата-аналар!Балаларыңыздың жаңа өмірге аяқ басуы – үлкен қуаныш. Олардың тұлға ретінде қалыптасуына қосқан үлестеріңіз үшін шынайы ризашылығымды білдіремін.

Қымбатты түлектер! Білімді, ізденімпаз, мақсатшыл болыңыздар. Жолдарыңыз ашық, қадамдарыңыз сәтті болсын! Сәт сапар! Ақ жол тілеймін! – деді қала басшысы.

Жалпы, биыл Ақмола облысындағы 536 мектепте 140 мыңға жуық оқушы білім алды. Оның ішінде 13 890 оқушы 9-сыныпты, ал 5 953 оқушы 11-сыныпты аяқтады. Соңғыларының 347-сі – «Алтын белгіге», 402-сі – үздік аттестатқа үміткер.

Білім басқармасы биылғы оқу жылының қорытындысы бойынша бірқатар маңызды шаралардың жүзеге асқанын атап өтті. Соның бірі – 23 мамырда өткен «Білімім – Отаныма!» атты бірыңғай сынып сағаты. Бұл сабақта «Адал азамат» тәрбие бағдарламасы негізінде оқушыларға құндылықтар мен қауіпсіздік ережелері түсіндіріледі.

Жыл бойы өткізілген республикалық және халықаралық деңгейдегі білім сайыстарында ақмолалық оқушылар 257 медаль иеленді. Оның ішінде 57-сі халықаралық деңгейдегі, ал 175-і республикалық зияткерлік жарыстардың жеңімпаздары. Бұл – соңғы үш жылдағы ең жоғары көрсеткіш.

Айта кету керек, Үндістанда өткен First Global Challenge робототехника чемпионатында біздің команда екінші орын алып, 15 күміс медальмен оралды.

Облыстың педагогтері де жоғары марапаттарға ие болды. Жетекші ұстаздар «Құрмет» орденімен, «Ерен еңбегі үшін» және «Шапағат» медальдарымен марапатталды. Үш педагог «Үздік педагог» атанса, тағы бірі ТМД елдері арасындағы халықаралық шеберлік байқауында үздік үштікке енді.

11-сынып түлектері үшін соңғы қоңырау салтанаты облыстың барлық өңірлерінде «Мектебім, саған мың алғыс!» тақырыбында 23 мамырда ұйымдастырылды. Бұл шаралар ешқандай ақша жинамай, тек мектеп қабырғасында, ұстаздар мен оқушылардың қатысуымен өткізілді. Мектеп түлектері үшін аттестат тапсыру рәсімі 20 маусымда өтеді.



Фотосурет әкімдіктің баспасөз қызметінен алынды

СӘРСЕНБІНІҢ СӘТІНДЕ



Фотосурет әкімдіктің баспасөз қызметінен алынды

# ҚОСШЫ ӘКІМДІГІНДЕ МӘСЕЛЕЛЕР АШЫҚ ТАЛҚЫЛАНДЫ

(Басы 1-бетте)

Қабылдау барысында қала тұрғындары өздерін толғандырып жүрген мәселелерін жасырмай, еркін әрі ашық түрде ортаға салды. Кездесуде көтерілген мәселелердің ауқымы кең болды: қала көшелеріндегі жол құрылысы мен жөндеу жұмыстарының сапасы мен мерзімі, тұрғын үй алу кезегінің әділдігі мен қолжетімділігі, электр қуатының жиі үзілуі мен тұрақты жарықпен қамту жайы, көше шамдарының жоқтығынан туындайтын қолайсыздықтар, мал жайылымына арналған жерлердің тапшылығы, әсіресе шеткі аймақтарда ауыз судың сапасы мен жетіспеушілігі – бәрі де тұрғындардың күнделікті өмір сапасына тікелей ықпал ететін өзекті жайттар ретінде көтерілді. Сонымен қатар шағын және орта бизнесті дамытуға қолдау көрсету, кәсіпкерлер үшін инфрақұрылым мен мемлекеттік бағдарламаларға қолжетімділік мәселелері де назардан тыс қалмады. Бұл мәселелердің барлығы – қала халқының өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталған нақты қадамдарды қажет ететін маңызды әлеуметтік-экономикалық түйткілдер екенін көрсетті.

Қала әкімі Азамат Қапышев қабылдау барысында әрбір тұрғынның өтінішіне жіті назар аударып, көтерілген мәселелердің мән-жайын егжей-тегжейлі тыңдады. Азаматтардың айтқан уәждері мен ұсыныстарына бейжай қарамай, олардың әрқайсысына жан-жақты, нақты әрі түсінікті жауаптар берілді. Әкім тарапынан көтерілген сұрақтардың мәні мен маңыздылығы ескеріле отырып, жауапты бөлім басшыларына тиісті тапсырмалар жүктелді. Әсіресе, тұрғындар жиі көтеретін және көпшілікті алаңдататын күрделі мәселелерді шешу мақсатында олар арнайы бақылауға алынып, орындау мерзімдері мен жауапты тұлғалар нақты айқындалды

Бетпе-бет жүздесулер – әкімдік пен халық арасындағы сенім мен өзара түсіністікті нығайтудың маңызды құралы саналады. Осындай форматтағы кездесулерде тұрғындар өз мәселелерін тікелей жеткізіп қана қоймай, жергілікті билік өкілдерінің нақты іс-әрекетін көріп, уәделері мен жауаптарын өз құлағымен естуге мүмкіндік алады. Ашық диалогтың осындай түрі қоғамда әділдік пен жауапкершілік қағидаттарын орнықтырып, мемлекеттік басқару ісінің тиімділігін арттырады.

Қосшы қаласының әкімі Азамат Қапышев қабылдау соңында әрбір тұрғынның пікірі мен өтінішін ерекше құнды деп танып, олардың әрқайсысына әділдікпен, ашықтықпен қарап, мәселені шешуге барынша тырысу – мемлекеттік қызметтің басты ұстанымы екенін баса айтты. Оның бұл сөзі – тек формальды жауап емес, халықтың сенімін ақтау, әлеуметтік әділдікті қамтамасыз ету және азаматтардың игілігі үшін қызмет етуге деген нақты міндеттеменің көрінісі. Әкімнің бұл ұстанымы қаланың әлеуметтік дамуы мен азаматтар өмірінің жақсаруына бағытталған мемлекеттік басқарудың сапалы үлгісі ретінде үлгі алынып отыр.

Қала әкімінің жеке қабылдауы – тұрғындардың үмітін ақтайтын нақты істердің алаңы ғана емес, сонымен қатар халық пен билік арасындағы сенімді нығайтудың тиімді тетігі. Мұндай кездесулер қоғамда ашықтық пен әділеттілік қағидаттарын орнықтырып, әрбір азаматтың мәселесіне бей-жай қарамай, оны шешудің жолдарын табуға мүмкіндік береді. Бұл – жай формальдылық емес, халықтың үніне құлақ асып, шынайы кері байланыс орнатуға бағытталған маңызды қадам. Әрбір қабылдау – елдің тыныс-тіршілігінен хабар беретін айна іспетті: тұрғындардың тілегі мен талап-тілегін ескере отырып, жергілікті билік өз жұмысын нақты нәтижеге бағыттай алады.

ЗАМАНДАС

# Қосшылық үлгілі отбасы

**15 мамыр – Халықаралық отбасы күніне орай Қосшы қаласынан Бердібековтар отбасы Көкшетауда өткен байқауға қатысып келді.**

Отбасы – әрбір адамның өміріндегі ең қымбат қазына, сүйіспеншілік пен мейірімнің бастауы. Бұл күн – отбасының бірлігін, татулығын дәріптейтін ерекше мейрам.

Отбасының отағасы бұл байқау туралы пікірін былай деп білдірді:

– Осындай байқауларға қатыса отырып, біз үшін бастысы – жеңіс емес. Ең маңыздысы – ойын барысында бір-бірімізге басқаша көзқараспен қарап, бұрын байқамаған жылы қасиеттерімізді танидық. Бір-бірімізге көбірек көңіл бөліп, отбасымыздың арасындағы байланыс бұрынғыдан да нығая түсті. Бұл – біз үшін ең үлкен жеңіс. Осындай әсерлі сәттер – отбасының шын мәніндегі берекесі мен махаббатын тереңдете түседі, – деді Ернар Бердібеков



Сондай-ақ жұбайлар – Ернар Бердібеков пен Әсем Әділбекова «Отбасы ағашы» атты халықаралық отбасылық акция аясында ағаш отырғызып, оны күтіп-баптауды міндетіне алды. Бұл игі іс – табиғатқа деген қамқорлықтың, болашақ ұрпаққа жасалған жарқын сыйдың көрінісі. Ағаш отырғызу арқылы олар тек бір көшет егіп қойған жоқ, сонымен бірге тіршілікке өмір, жерге нәр, ұрпаққа үміт сыйлады. Акция барысында отбасы мүшелері бірлік пен ұйымшылдықтың үлгісін көрсетіп, балаларға экологиялық тәрбиенің маңызын ұғындырды. Мұндай бастамалар – тек қана табиғатты емес, отбасы құндылықтарын да нығайтатын керемет мүмкіндік.

*Лаура Тарғын, Жастар ресурстық орталығының СММ маманы*

ШАПАҒАТ

2025 жылдың 16–18 мамыр аралығында Сандықтау ауданында орналасқан «Жас Дәурен» балалар сауықтыру лагерінде ерекше маңызы бар іс-шара ұйымдастырылды. Бұл жиын – патронаттық тәрбиешілер қоғамдастығының құрылғанына 5 жыл толуына орай өтті.

# ПАТРОНАТТЫҚ ТӘРБИЕ

Іс-шара «ДЕМЕУ – СЕНІМ» қорының қолдауымен және «AMANAT» партиясының «Бақыттымын отбасында» партиялық жобасы аясында өткізілді. Оған Ақмола облысы бойынша Қосшы қаласының №2 жалпы орта білім беретін мектебінен қамқорлықтағы оқушы отбасымен қатысты.

Іс-шараның негізгі мақсаты – патронаттық тәрбие жүйесін насихаттау, отбасы институтын нығайту, тәжірибе алмасу және патронаттық ата-аналар мен балалар арасындағы байланысты арттыру болды. Сонымен қатар балалардың бойындағы шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған тренингтер, ойындар мен ұжымдық тапсырмалар ұйымдастырылды.

Жиын барысында ата-аналар мен балалар түрлі командалық тапсырмаларға қатысып, өзара бірлік пен ынтымақтастықты нығайтты. Сонымен қатар қатысушылар әлеуметтік маңызы бар тақырыптар бойынша ашық әңгімелерге, семинарлар мен шеберлік сабақтарына қатысу мүмкіндігіне ие болды.

«Бұл – біз үшін үлкен қуаныш. Бір-бірімізбен жақынырақ танысып, тәжірибе алмасуға тамаша мүмкіндік туды. Патронаттық тәрбие – бала тағдыры үшін өте маңызды қадам, сондықтан мұндай кездесулер бізге үлкен рухани және тәжірибелік қолдау береді», деді іс-шараға қатысушы патронаттық ана.

Осылайша, бұл үш күндік шара тек мерейтой ғана емес, сонымен қатар болашаққа деген сенім мен үміттің, мейірім мен жауапкершіліктің символына айналды.

**Г.Мысаева, №2 ЖОББМ**
**Әлеуметтік педагогі**

Бетті дайындаған **Жанар АХМЕТОВА**

МАЖАРСТАН, БУДАПЕШТ ҚАЛАСЫ

# ТҮБІ БІР ТҮРКІ ЖҰРТЫ БАС ҚОСТЫ

## 21 МАМЫР КҮНІ ПРЕЗИДЕНТ ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ҰЙЫМЫНЫҢ БЕЙРЕСМИ САММИТІНЕ ҚАТЫСТЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммитін көне Будапешт шаһарында өте жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін Мажарстанның Премьер-Министрі Виктор Орбанға ризашылығын білдірді.




– Бүгінгі алқалы жиынның Еуропа төрінде өтуінің айрықша мәні бар. Біз мажар жұртының қарт құрлықта тұғырлы мемлекет болып отырғанына дән ризамыз. Бүгін бәрімізді түбі бір түркі бауырлары деп құшақ жая қарсы алып жатсыздар. Мұны, шын мәнінде, мызғымас достығымыздың айқын көрінісі деп санаймын. Біз ынтымағы жарасқан елдеріміздің бірлігін бекемдеп, тамыры бір тарихымыз бен салт-дәстүрлерімізді ұлықтап келеміз, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, «Шығыс пен Батыс тоғысқан түс» атауымен ұйымдастырылған саммит алып құрлықтың ұлан-ғайыр аумағын иеленіп жатқан түркі елдерінің мүддесіне, стратегиялық мақсат-міндетіне сай келеді. Қазіргі күрделі геосаяси жағдайда Ұйым аясындағы ынтымақтастықтың мәні тіпті артты. Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев түркі жұртының татулығы мен өзара байланысын нығайту, тұтастығын бекемдей түсу мақсатында Қазақстан қабылдаған кешенді шараларға тоқталды.

– Атап айтсақ, Түркі мемлекеттері ұйымының жанындағы Қазақстанның Тұрақты өкілін тағайындады. Көп ұзамай Тұрақты өкілдік ашуды жоспарлап отырмыз. Астанада 11-12 маусым күндері Түркі мемлекеттері Парламенттік Ассамблеясының XIV пленарлық отырысы өтеді. Ақтау қаласы биыл Түркі әлемінің мәдени астанасы ретінде жарияланды. Осы мәртебелі міндетті жоғары деңгейде атқару үшін нақты іс-шаралар қолға алынды. Қазақстанның бастамасымен өткен аптада Орталық сайлау органдарының консультативтік платформасы құрылды. Оның алғашқы отырысы киелі Түркістан қаласында табысты өтті. Ортақ келісім бойынша биыл маусым айынан бастап Алматы қаласы «Түркі мемлекеттері ұйымының жастар астанасы» атанады. Осылайша, біз түркі бірлігін нығайтамыз, – деді Президент.

Қасым Жомарт Тоқаевтың пікірінше, Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдер өзара қол жеткізген келісімдерді сақтауы қажет.

– Тағы бір аса маңызды мәселе, бұл – біздің Ұйымның шеңберінде қабылданған құжаттардағы ережелерді қатаң сақтау. Процедура мәселесі болсын, саяси және экономика сұрақтары болсын – келісімдердің ережелерінің барлығын құрметтеу, сақтау қажет, міндетті түрде іске асыру керек, – деді Президент.

Мемлекет басшысы соңғы кездегі тарифке қатысты оқиғалар жаһандық сауда саясатындағы өте үлкен өзгерістерге себеп болғанына назар аударды. Президент мұндай дағдарыстар түрлі сын-қатер тудырумен қатар жаңа мүмкіндіктерге жол ашатынын алға тартып, өнеркәсіп, көлік-транзит, ауыл шаруашылығы, цифрландыру сияқты бағыттар бойынша бірлесе әрекет етуді ұсынды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Орта дәлізді Шығыс пен Батыстың арасындағы негізгі көпірге айналдыруды стратегиялық міндет ретінде атады. Бұл ретте Президент елімізді Қырғызстанмен және Өзбекстанмен шекарадағы рәсімдерді цифрландыру, жүк транзитін жеңілдету үшін нақты шаралар қабылдап жатқанын, сондай-ақ Қазақстан-Қытай шекарасында үшінші темір жол бекетін ашуды жоспарлап отырғанын жеткізді. Осы орайда Қасым-Жомарт Тоқаев бауырлас елдерді ірі инфрақұрылымдық жобаларды бірлесіп жүзеге асыруға, соның ішінде «Солтүстік – Оңтүстік» бағыты бойынша халықаралық көлік қатынасын дамытуға шақырды. Аталған жоба түркі елдерінің өңірлік транзит хабы ретіндегі рөлін едәуір нығайтады.

Президент мұнай, газ, уран және тағы да басқа тауарларды жеткізу тізбегін әртараптандыру ісінде Ұйымның әлеуетін пайдалану қажет екеніне назар аударды. Осы ретте Қазақстаннан Еуропа бағытында мұнай жеткізуді арттыру жобасын қолдағаны үшін Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевке алғыс айтты

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев соңғы уақытта халықаралық сарапшылар Транскаспий мұнай және газ құбырларын салу бастамасын талқылап жүргенін атап өтіп, мұндай жобалар өте ауқымды және трансұлттық деңгейдегі ықпалдастықты талап ететінін жеткізді.

Мемлекет басшысының айтуынша, цифрландыру және ақпараттық технологиялар саласындағы ынтымақтастықтың болашағы зор. Биыл еліміз Каспий теңізі арқылы оптикалық-талшықты кабель тарту жобасын жүзеге асыра бастады. Соның нәтижесінде аймақтағы цифрлық байланыс нығая түседі.

– Елдеріміз арасындағы сауда-саттықты жандандырып, тауар түрін көбейту қажет. Өткен жылы Қазақстанның Ұйымға мүше елдермен арадағы алыс-берісі 11,4 миллиард долларға жетті. Бұл – еліміздің сыртқы саудасының 8 пайызына тең. Әрине, жақсы көрсеткіш. Дегенмен оны арттыра түсу керек. Осыған орай, сауда-саттықты дамыту үшін арнайы құжат әзірлеуді ұсынамын, – деді Президент.

Сондай-ақ ауыл шаруашылығы саласындағы ықпалдастықты күшейтуге баса мән берілді. Қасым-Жомарт Тоқаев Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымы мен Түркі мемлекеттері ұйымы арасындағы ынтымақтастықты арттырудың маңызына тоқталды.

Мемлекет басшысының пікірінше, әлемде жиілеген табиғат апаттарына қарсы тұру үшін күш жұмылдыру мәселесі аса өзекті. Мәселен, соңғы жылдары Каспий теңізінің деңгейі айтарлықтай төмендеп кетті. Бұл жағдай аймақтың экологиясы мен экономикасына, халықтың әл-ауқатына кері әсерін тигізуде. Президент түркі елдерін осыған қатысты бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізуге және ортақ жобалар әзірлеуге үндеді.

Мемлекеттер басшылары саммит қорытындысы бойынша мынадай құжаттар қабылдады:

1. Түркі мемлекеттері ұйымының Будапешт декларациясы;
2. Мемлекеттер басшылары кеңесінің Ауғанстан жөніндегі мәлімдемесі;
3. Өзбекстан Республикасын Түркі мәдениеті және мұрасы қорына қосу туралы шешім;
4. Түркі мемлекеттері ұйымы Бас хатшысының өкілеттілік мерзімін ұзарту туралы шешім.

ӨЗЕКТІ

# ШОМЫЛУ, ҚҰТҚАРУ, ДАЙЫНДЫҚ – БӘРІ БАҚЫЛАУДА МА?

**Қосшы қаласында төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың салдарын жою бойынша қалалық комиссияның кезекті отырысы өтті. 2025 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес ұйымдастырылған жиынға қала әкімі Азамат Қапышев төрағалық етті. II тоқсан аясындағы бұл отырыста жазғы маусымда халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және «Өрт-2025» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуларын өткізу мәселелері күн тәртібіне қойылды. Жиын барысында Қосшы қаласында төтенше жағдайлар жөніндегі басқарма басшысы Шахмардан Әзірбаев баяндама жасады.**

Қосшы қаласында өткен Төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың салдарын жою жөніндегі қалалық комиссияның кезекті отырысында жазғы шомылу маусымына дайындық басты назарға алынды. Қала әкімінің төрағалық еткен алқалы жиында бұл мәселе егжей-тегжейлі қаралып, тұрғындардың өмірі мен қауіпсіздігін сақтау жолындағы нақты шаралар талқыланды.

Маусым басталғанға дейін Қосшы аумағындағы барлық шомылу орындарына толыққанды техникалық және санитарлық тексеріс жүргізіледі. Су түбінің тазалығы, жағалау аймағының жабдықталуы, алғашқы медициналық көмек көрсету пункттері мен құтқару бекеттерінің болуы – бәрі жіті бақылауға алынады. Сондай-ақ тұрғындардың көп жиналатын демалыс орындарының тізімі нақтыланып, оларда қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша кешенді шаралар қабылданады.

Биылғы жазда Қосшы қаласының аумағында Сарқырама өзенінің бойындағы жеті жеке жағажайдың жұмыс істеуі жоспарланып отыр. Атап айтқанда, «Қосшы», «Atlantis», «River club», «Picnic», «Чистые пруды», «Айша» және «Тау парк» жағажайлары тұрғындар игілігіне ұсынылмақ. Дегенмен бұл тізім жаз маусымына дейін тағы да кеңеюі мүмкін.

Ақмола облысы Төтенше жағдайлар департаментінің Жедел-құтқару жасағы су түбін зерттеп, қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетін жағажайларға арнайы рұқсат актісін береді. Бұл актіге әкімдік өкілдері де қатысады, яғни барлық шара ашық және бақылауда өтеді.

Тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында барлық жағажай қызметкерлері арнайы нұсқаулықтан өтіп, «Құтқарушы-жасақшы» бағдарламасы бойынша оқытылады. Бұл – оқыс оқиғалардың алдын алып, қажет жағдайда шұғыл әрекет етуге дайын болудың кепілі.

Отырыста көтерілген маңызды мәселелердің бірі – қалада коммуналдық жағажайдың болмауы. Қазіргі уақытта барлық жағажайлар – жекеменшік және оларға кіру ақысы бір адамға 2 500-ден 10 000 теңгеге дейін барады. Бұл – көпбалалы немесе аз қамтылған отбасылар үшін айтарлықтай салмақ. Сол себепті, қала тұрғындары тарапынан жалпыға қолжетімді, тегін немесе әлеуметтік бағада қызмет көрсететін коммуналдық жағажай ашуға деген сұраныс күшейіп отыр. Әкімдік бұл мәселені назарға алып, оны шешуді жеделдетуге ниетті.

Қосшы қаласында жүргізіліп жатқан дайындықтар тек әкімдік немесе құтқару қызметінің міндеті ғана емес. Жауапкершілік – барша тұрғынның, ата-ананың, демалушылардың ортақ ісі. Қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру – бүгінгі қоғамның ең өзекті мәселесі.



Сонымен қатар жиын барысында «Өрт-2025» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуларын өткізу мәселесі де талқыланды. Бұл шара төтенше жағдайлардың алдын алу мен олар туындаған жағдайда жедел әрекет ету дағдыларын жетілдіруге бағытталған. Оқу-жаттығу барысында өрт қауіпсіздігі талаптары, жауапты органдардың өзара іс-қимылы, сондай-ақ тұрғындарды эвакуациялау және алғашқы көмек көрсету тәртіптері пысықталады. Мұндай кешенді дайындықтар ел қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызды қадам болып табылады.

**Нұр АХМЕТ**

БЕРЕКЕНІ КӨКТЕН ТІЛЕМЕ, БІРЛІГІ МОЛ КӨПТЕН ТІЛЕ

# «ӨНЕР»
## ЖАС ДАРЫНДАР АКАДЕМИЯСЫ

ТАЛАНТТАР ЖАРШЫСЫ

2025 жылғы 19 мамыр күні Қосшы қалалық қоғамдық-мәдени спорт кешенінің ашық аспан астындағы дала театрында «Өнер» жас дарындар академиясының салтанатты есептік концерті өтті. Кешке ата-аналар, ұстаздар, қала тұрғындары мен арнайы қонақтар жиналып, жас өнерпаздардың бір жыл бойғы еңбектерінің нәтижесіне куә болды.

Концерт барысында академияның вокал, домбыра, би, актерлік шеберлік, джиу-джитсу, қобыз, сазсырнай және фортепиано бағыттарындағы үйірмелерінің 200-ден астам тәрбиеленушісі сахна төрінде өз өнерлерін ортаға салды. Бағдарлама 38 түрлі көркем нөмірден құралды. Онда халық әндері мен күйлері, заманауи музыкалық композициялар және ұлттық би үлгілері орындалды.

Көрермендер жас домбырашылардың шеберлігін, Амели квартетінің нәзік те кәсіби орындауын, «Үркер» би ансамблінің түрлі жанрдағы әсерлі билерін, сондай-ақ жас вокалистердің жүрекке жеткен әндерін ыстық ықыласпен қарсы алды. Джиу-джитсу үйірмесінің спорттық көрсетілімдері де ерекше қызығушылық тудырып, көрермендердің зор қошеметіне бөленді.

Концерт соңында Академияның жас мамандары мен биыл ашылған «Өнер жастары» жастар орталығының қатысуымен ұйымдастырылған көңілді флешмоб пен аспанды жарыққа бөлеген әдемі фейерверктер мерекелік кешке жарқын нүкте қойды.

Ата-аналар өз алғыстарын жеткізіп, жас өнерпаздарға шығармашылық шабыт пен табыс тіледі. Бұл концерт – балалар мен ұстаздардың бір жыл бойғы еңбегінің жемісі ғана емес, болашақ жұлдыздардың сахнадағы алғашқы ізі болды.

2012 жылы құрылған «Өнер» жас дарындар академиясы дарынды балаларға сапалы білім мен тәрбие беріп келеді. Бүгінде Академияның Қосшыдағы орталығынан бөлек, Қызылжар ауылында және жуырда ғана ашылған Степногорск қаласындағы филиалдары да табысты жұмыс істеуде. Академия шәкірттері республикалық және халықаралық байқауларда ел намысын абыроймен қорғап, Азия және әлем чемпиондары атанып жүр.

Есептік концерт – тек өнер кеші ғана емес, өнерге адалдықтың, еңбектің және шабыттың шынайы мерекесіне айналды.




РУХАНИЯТ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

# МӘДЕНИЕТ ПЕН ӨНЕРДІҢ МЕРЕКЕСІ

(Басы 1-бетте)

Қаламыздың қақ төріндегі қоғамдық мәдениет-спорт кешенінде өткен мерекелік шарада Қосшы қаласының әкімі Азамат Қапышев: «Мәдениет – ұлттың қуаты, ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан рухани болмысы, ақыл-ой, парасаты. Қаламызда мәдениет пен өнердің дамуына, рухани байлығымыздың еселене түсуіне өлшеусіз үлес қосып жүрген барша мәдениет қызметкерлерін, өнер адамдарын, қолөнер шеберлері мен кітапханашыларды шын жүректен құттықтаймын!» деп, өнер иелеріне деген алғысын жеткізді.

Мәдениет үйі соңғы бір жылдың ішінде 82 650 көрерменнің назарына ұсынылған 350-ден астам мәдени іс-шара өткізген. Бұл – тек сандардың тізбегі емес, бұл – әрбір кеште жан дүниесін сахнаға сыйлаған өнерпаздардың маңдай тері, рухының жеңісі. Қосшылық дарын иелері 7 халықаралық, 10 республикалық, 15 облыстық және 1 аймақтық байқауға қатысып, жеңіс тұғырынан көрініп, қаланың мәртебесін асқақтата түсті. Ал «Замандас» ардагерлер хоры биыл «Халықтық» мәртебесіне ие болып, көненің сарынын келешекке жалғап келеді.

Қаланың өн бойына өнердің әр тамыры тараған. «Өнер», «Сауран club», «Жаңа белес», «DARYN», «Бонус», «Абырой», «LAILA», «Жарқын болашақ» сынды орталықтар – шынайы шығармашылық шырағы. Бұл мекемелерде 8 000-ға жуық жас жеткіншек әр бағытта білім алып, көк байрағымызды шетел аспанында желбіретіп жүр. Олар – бүгінгі шәкірт, ертеңгі өнер саңлақтары.

Қосшы топырағы қолөнер шеберлерінің де тал бесігіне айналған. Кәрім Бектас, Бозымбай Асқат, Ділманов Нұржан, Әлия Сапарбекқызы, Гаухар Қанатбаева, Ертай Сәрсенов, Әбілқайыр Оразақов сынды есімдер – қолдың емес, жүректің шеберлері. Олар жасаған туындылар – уақыттан озып, ұрпаққа мирас болып қалатын асыл мұралар.

2024 жылдың 20 наурызында Қосшыда халықаралық стандарттарға сай салынған көпфункционалды мәдениет-спорт кешені есігін айқара ашты. Мұнда 1 600-ге жуық бала өнермен тыныстап, білім нәрімен сусындап жүр. Ал қаламызда жиі өтіп жатқан әйгілі спортшылар мен өнер майталмандарының кездесуі – бұл кешенді нағыз мәдениет пен туризм орталығына айналдырып отыр.

Салтанатты сәтте қала әкімі Азамат Қапышев «Замандас» ансамбліне 2 000 000 теңгелік сахналық киім алуға сыйлық сертификатын табыстап, еңбектің елеулі екендігін көрсетті. Шараға Ақмола облыстық мәслихатының депутаты Айдын Төребаев пен қалалық мәслихат төрағасы Әлихан Қуатбеков арнайы қатысып, рухани еңбек иелерін шын жүректен құттықтап, сый-сияпат жасады.

ТЕҢ ҚОҒАМ

2025 жылғы 19–22 мамыр аралығында Ақмола облысының Бурабай ауданында, Щучинск қаласында ерекше қажеттіліктері бар азаматтарға арналған дәстүрлі «Үміт» спартакиадасы өтті. Төрт күнге созылған бұл спорт мерекесіне облыстың 18 өңірінен 200-ден астам қатысушы қатысты.

# ҚОСШЫ СПОРТШЫЛАРЫ «ҮМІТ»
## СПАРТАКИАДАСЫНДА II ОРЫН ИЕЛЕНДІ




Ашылу салтанатында Ақмола облысы әкімінің орынбасары Досұлан Айтбаев қатысушыларға сәттілік тілеп, мұндай шаралардың азаматтардың денсаулығы мен өмір сапасын жақсартудағы маңызына тоқталды.

Спартакиада аясында қатысушылар нысана көздеу, ауыр атлетика, жеңіл атлетика, шахмат, үстел теннисі, асық ату, бес асық, тоғызқұмалақ секілді ұлттық және олимпиадалық спорт түрлерінен бақ сынады. Жарыстың басты мақсаты – инклюзивті қоғам құру, салауатты өмір салтын насихаттау және ерекше жандардың қоғамдағы белсенділігін арттыру.

Қосшы қаласынан жарысқа 9 спортшы қатысып, садақ ату, бес асық, тоғызқұмалақ, ядро лақтыру, армрестлинг, жүзу және шахмат секілді спорт түрлерінен өз шеберліктерін көрсетті. Қосшылық спортшылардың қайсарлығы мен табандылығы нәтижесінде төмендегідей жетістіктерге қол жеткізілді:

- 5 алтын медаль
- 2 күміс медаль
- 4 қола медаль

Жалпыкомандалық есеп бойынша Қосшы қаласы командасы II орынды иеленіп, ұйымдастырушылар атынан диплом және 300 000 теңге көлеміндегі ақшалай сертификатпен марапатталды.

Айта кету керек, «Үміт» спартакиадасы Ақмола облысында алғаш рет 28 жыл бұрын өткізілген болатын. 2013 жылдан бастап өңірде мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған «Мерген» спорт клубы жұмыс істеп келеді. Бүгінде клубтың спортшылары 13 түрлі спорт түрімен тұрақты түрде айналысып, түрлі деңгейдегі жарыстарда жоғары нәтиже көрсетіп жүр.

«Үміт» спартакиадасы – тек жарыс емес, бұл – рухтың жеңісі, өмірге деген құштарлықтың көрінісі. Қосшы спортшыларының бұл жетістігі – ерік пен еңбектің нәтижесі екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

ҚҰНДЫЛЫҚ

20 мамыр күні Қосшы қаласында жүректерді жылытқан, рухты тербеткен ерекше шара – «Отбасы – мейірім мекені» атты облыстық форум өтті. Бұл– отбасылық құндылықтарды, ұлттық тәлім мен тәрбиенің терең тамырларын қайта жаңғыртқан рухани мереке.

# ОТБАСЫ – МЕЙІРІМ МЕКЕНІ

Салтанатты форум шымылдығын қала әкімі Азамат Қапышев ашып, Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжановтың арнайы құттықтауын жеткізді. Қонақтарға деген алғысын білдіре отырып, ол отбасы – қоғамның іргетасы екенін, осы негіздің берік болуы елдің болашағына тікелей әсер ететінін ерекше атап өтті.

Форум төрінде еліміздің беделді тұлғалары – Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия мүшесі, Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы республикалық Аналар кеңесінің төрайымы Нәзипа Ыдырысқызы, «Әкелер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төраға орынбасары Бекдайыр Нығметұлы, Ақмола облыстық Аналар кеңесінің төрайымы Айнұр Құрманбайқызы, Қосшы қаласы Аналар кеңесінің төрайымы Әйгерім Асхатқызы мазмұнды баяндамаларымен бөлісті. Шараның модераторы – Ақмола облысы Әкелер одағының төрағасы Сәндібек Нұршәріп.

Салмақты да сырлы форумда, облысымыздың түкпір-түкпірінен келген аналар мен әкелер кеңесінің өкілдері, білім беру саласының мамандары, құқық қорғау органдары мен мемлекеттік мекемелер қызметкерлері бас қосты. Бәрініңниеті бір – отбасын берекелі ету, ұрпаққа үлгі боларлық тәлім тарату.

Отбасы – адам өмірінің ең киелі кеңістігі. Онда мәдениет пен мейірімділік, сүйіспеншілік пен сенім, жауапкершілік пен өзара сыйластық секілді қағидалар бір арнада тоғысады. Бір отбасының ішіндегі сүйіспеншілік – бүтін бір қоғамның тірегі. Ата-ананың махаббаты мен парасаты баланың болмысын қалыптастырады. Ана – жылылықтың шуағы, әке – өмірдің шынары. Бұл екі ұлы бейне – ұрпақ тәрбиесінің мәңгілік шамшырағы.

Форум аясында спикерлер отбасы құндылықтарын сақтауға және дамытуға бағытталған өзара ынтымақтастық меморандумына қол қойып, ізгі ниет пен ортақ мақсатты бекемдеді. Бұл – болашақ үшін берілген ортақ уәде.

Жүрекке жылы әсер сыйлаған өнерпаздар шеруін ҚР еңбек сіңірген қайраткерлері Медет Салықов пен Клара Төленбаева бастаған, Қосшының дарынды өнер иелері жалғастырды. Ән мен жыр, күй мен би – бәрі отбасылық махаббат пен берекенің гимніне айналды.

Форум соңында Ақмола облысы әкімінің атынан үлгілі отбасыларға лайықты құрмет көрсетілді. Қосшыдан шыққан әйгілі шеберлер Бозымбай, Ақкөл ауданынан Тойшыбай, Целиноград ауданынан Шаяхметов, Шортандыдағы Әленовтер әулеттерінің әрқайсысы көпке өнеге. Бурабайлық Гаухар Орынғалиқызына «Ел анасы», Целиноград ауданынан келген Мұхтарима Бекішқызына «Мейірімді ана» номинациялары табысталды. Форумда Қосшы қаласы Аналар кеңесінің төрайымы атынан аналарға ақжаулық жабылып, аналық ақ тілекпен бата берілді.

Бетті дайындаған **Даулет АСАУ**

ОЗАР ЕЛДІҢ ҚЫЗЫ МІНЕЗДІ, ҰЛЫ ӨНЕРЛІ КЕЛЕДІ

СПОРТ

16 мамыр күні Көкшетау қаласының «Болашақ сарайында» Senat Open шахматтан II ашық кубоктың іріктеу кезеңі өтті. Ол ҚР Парламенті Сенатының бастамасымен ұйымдастырылды. Сайысқа облыстық, аудандық және қалалық мәслихаттардың депутаттары, мемлекеттік қызметкерлер, өңірлік қоғамдық кеңестердің мүшелері, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, жалпы Ақмола облысының 17 ауданынан және 3 қаласынан 100-ден астам адам қатысты.



Фотосурет облыс әкімдігінің баспасөз қызметінен алынды

# ШАХМАТ ПЕН ШЕНЕУНІК

## КӨКШЕТАУДА ЗИЯТКЕРЛІК ОЙЫН ТҮРІ БОЙЫНША ТУРНИР ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Іріктеу кезеңінің ашылуында Ақмола облыстық мәслихаты төрағасының міндетін атқарушы Саят Сыздықов, Қазақстан шахмат федерациясының вице-президенті Александр Бабенко және Қазақстан шахмат федерациясының Ақмола облысы бойынша филиалының атқарушы директоры Серік Темірбаев құттықтау сөз сөйледі.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, турнирдің мақсаты – шахматты саяси тұлғалар, барлық деңгейдегі депутаттар мен қоғам өкілдері арасында танымал ету; Қазақстан Шахмат Федерациясының атқарушы дирекциялары мен жергілікті өкілді билік органдары арасында берік байланыс орнату; ҚШФ-ның танымалдық индексін арттыру; жергілікті атқарушы билік органдарының шахмат спортының дамуына назарын аудару.

«Қазақстанда ежелгі зияткерлік ойын – шахматты дамытуға көп көңіл бөлінеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, шахмат ойыны арнайы жабдықты қажет етпейді, қарапайым ұйымдастыру мен қаржы тарту ғана жеткілікті. Президент шахматты 2023 жылдың қыркүйек айынан бастап мектеп бағдарламасына факультативтік пән ретінде енгізуді және Алматыда шахмат пен IT-технологияларды тереңдетіп оқытатын және 1 500 орынға есептелген мектеп-интернат салу жөніндегі ұсыныстарды қолдағаны белгілі. Сонымен қатар Мемлекет басшысы кәсіпкерлер тарапынан шахмат спортын дамытуға қолдау көрсетудің маңыздылығын атап өтті», деді Саят Сыздықов.



Фотосурет облыс әкімдігінің баспасөз қызметінен алынды

Айта кетейік, алдыңғы жылы «Қазақстан Республикасында шахматты дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған Кешенді жоспарын бекіту туралы» Үкімет Қаулысы қабылданған. Мұнда бастауыш сынып оқушыларын 20 пайыз үлесімен шахматқа оқыту, көппәтерлі тұрғын үйлерде кемінде 200 шахмат клубын ашу көзделген. Мемлекет шахматтан ҚР Ұлттық құрамасы командасының әлемнің топ-10-ға кіруіне қол жеткізуді, 20 жасқа дейінгі қазақстандық шахматшылардың «халықаралық гроссмейстер» спорттық атағын алуын, Әлем, Азия чемпионаттарында, шахмат Олимпиадасында және Халықаралық Шахмат Федерациясының басқа да ресми чемпионаттарында қазақстандық ойыншылардың жеңіп алған медальдарының санын көбейтуді мақсат етіп отыр. Жоспарды іске асыру бойынша кемінде 500 педагог даярлау, кадрлардың біліктілігін кемінде 250 адамға арттыру көзделген.

Көкшетау қаласында өткен іріктеу кезеңінің қорытындысы бойынша үздік нәтиже көрсеткен 20 ойыншы жартылай финалға өтті. Олар жүзден жүйрік шыққан ойыншылардың аты-сойы міне: Бақтыбаев Баянбек (Атбасар ауданы), Өтегенов Амангелді (Жақсы ауданы), Вишнев Андрей (Ерейментау ауданы), Ғалымжанов Рашид (Степногор қаласы), Келденбек Досбол (Астрахан ауданы), Рақышев Болат (Көкшетау қаласы), Ілиясов Уәлиден (Ақмола өңірі), Ахметов Амантай (Жарқайың ауданы), Катревич Сергей (Шортанды ауданы), Заңдыбай Жайнайбек (Бұланды ауданы), Шакирова Валентина (Бурабай ауданы), Сүлейменов Роман (Сандықтау ауданы), Хасенов Қайрат (Аққол ауданы), Хоршат Айбек (Қосшы қаласы), Сатанов Асылан (Қорғалжын ауданы), Тоқтабаев Азамат (Есіл ауданы), Жәкенов Жанболат (Егіндікөл ауданы), Абайдильдинова Сауле (Аршалы ауданы), Сұлтанбек Әділет (Зеренді ауданы), Ерхатов Марат (Біржан сал ауданы). Сондай-ақ командалық есеп бойынша 1- орынды Жақсы ауданы, 2- орынды Степногорск қаласы, ал 3-орынды Астрахан ауданы иеленді. Одан бөлек, номинациялар бойынша үздік ойыншылар атап өтілді. «Әйелдер» номинациясында Шакирова Валентина (Бурабай ауд.), «Ардагерлер кеңесі» номинациясында Рақышев Болат (Көкшетау қ), «Бұқаралық ақпарат құралдары» номинациясында Дәулет Асау (Қосшы қ.), «Қоғамдық кеңес» номинациясында Ғалымжанов Рашид (Степногорск қ.), «Мемлекеттік қызметкерлер» номинациясында Хасенов Қайрат( Аққөл ауд.), «Үздік депутат» номинациясында Жүсіпов Мереке(Көкшетау қ.), «Мәслихат аппаратының жетекшілері» номинациясында Аманжолов Жангелді (Есіл ауд.) 1-орынды иеленді. Жеке есеп бойынша Бақтыбаев Баянбек (Атбасар ауданы), Өтегенов Амангелді (Жақсы ауданы), Вишнев Андрей (Ерейментау ауданы) осы ретпен 1,2,3 орындарды бөлісті.

Жеңімпаз командаларға «Қазақстан шахмат федерациясы» РҚБ кубоктары, ал жеңімпаз ойыншыларға медальдар табыс етілді.

ТАНЫМ

# «ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ: СЕБЕПТЕРІ МЕН САЛДАРЫ»

Қазіргі таңда бүкіл әлемде бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауға кедергі келтіретін қауіптердің бірі – діни экстремизм. Бұл құбылыс халықаралық деңгейде өзекті мәселеге айналып отыр. Қазақстан да жаһандық үрдістерден шет қалған жоқ. Ел ішінде де соңғы жылдары діни көзқарастағы радикалды топтардың әрекеттері тіркеліп, қоғамда алаңдаушылық туғызуда. Осы ретте діни экстремизм ұғымының мәнін түсініп, оның пайда болу себептерін талдап, қоғамға келтіретін салдарын саралау маңызды.

Дін – адамзат тарихындағы ең көне және терең рухани-мәдени институттардың бірі. Ол адам санасын ізгілікке, мейірім мен әділеттілікке тәрбиелеуді мақсат етеді. Дүниежүзіндегі негізгі діндер - ислам, христиандық, буддизм, иудаизм барлығы бейбітшілік пен адамгершілікті насихаттайды. Алайда соңғы жылдары «діни экстремизм» ұғымы кең таралып, дін мен зорлық-зомбылықты қатар атайтын түсінік қалыптасты. Бұл жерде маңызды сұрақ туындайды: дін мен экстремизм арасында қандай байланыс бар?

Бір қарағанда, дін мен экстремизм бір-біріне мүлде қарсы ұғымдар. Дін рухани кемелдікке жетелейтін жол, ал экстремизм шектен шыққан, радикалды көзқарас. Кейбір топтар дін атын жамылып, өздерінің саяси, экономикалық немесе идеологиялық мүдделерін жүзеге асыруға тырысады. Бұл жағдайда дін тек құралға айналып, шынайы мәнінен ажырап қалады.

Діни экстремизм – дінді өз мүддесіне пайдаланатын, оны бұрмалап, қоғамға қарсы бағыттайтын радикалды көзқарастар мен әрекеттердің жиынтығы. Мұндай топтар бейбітшілікті, адамгершілікті насихаттайтын діндердің шынайы құндылықтарын жоққа шығарып, зорлық-зомбылықты ақтауға тырысады. Олар өз идеологияларын күштеп таңып, өзгеше ойлайтындарды дұшпан санайды. Бұл үрдіс әсіресе жастар арасында белең алып отыр. Жастардың өмірлік тәжірибесінің аздығы, рухани ізденіске бейімдігі, әлеуметтік қолдаудың жетіспеуі радикалды ұйымдардың оларға әсер етуін жеңілдетеді.

Діни экстремизмнің тамырына үңілсек, оның туындауына әсер ететін бірнеше негізгі себептерді көруге болады. Психологиялық тұрғыдағы әлсіздікті атауға болады. Кейбір жас азаматтар өз орнын қоғамда таба алмай, болашағына сенімсіздікпен қарайды. Бұл оларды теріс жолға итермелейтін факторлардың бірі. Екіншіден, діни сауаттың жеткіліксіздігі де үлкен рөл атқарады. Дін жөнінде толық әрі дұрыс білім алмаған адам кез келген үгітке сеніп қалуы мүмкін. Сонымен қатар интернет пен әлеуметтік желілер арқылы шетелдік радикалды ұйымдардың әсері де бар. Олар жастарға түрлі уәделер беріп, жалған діншілдікпен алдап-арбауға тырысады. Ата-ананың бақылауы мен отбасылық тәрбиенің әлсіздігі де жасөспірімдердің осындай топтардың ықпалына түсуіне жол ашуы мүмкін.

Діни экстремизмнің салдары өте ауыр. Ең алдымен, ол қоғамдық тұрақтылыққа қауіп төндіреді. Тәртіпсіздіктер, террористік актілер мен алауыздық қоғамда үрей мен сенімсіздік тудырады. Көп жағдайда кінәсіз адамдар жапа шегіп, мемлекет қауіпсіздігіне қатер төнеді. Мұндай жағдайлар елдің ішкі тыныштығын бұзып, дамуына кедергі келтіреді. Сонымен қатар бұл құбылыс дінінің шынайы бейнесін бұрмалап, халық арасында дінге деген теріс көзқарастың қалыптасуына себеп болады.

Мемлекет бұл мәселеге үлкен мән беріп отыр. Діни экстремизмнің алдын алу мақсатында бірқатар заңдар қабылданды. Түрлі түсіндіру бағытында ақпараттық жұмыстар жүргізілуде. Арнайы орталықтар мен қоғамдық ұйымдар діни сауаттылықты арттыру бағытында белсенді жұмыстар атқаруда. Сонымен қатар діни қызметкерлер мен имамдардың біліктілігін арттыру да маңызды шаралардың бірі. Мешіттер мен медреселерде жастарға дұрыс бағыт-бағдар беру жұмыстары күшейтілуде. Алайда тек мемлекет тарапынан ғана әрекет ету жеткіліксіз. Бұл бүкіл қоғамның, әрбір азаматтың ортақ жауапкершілігі. Ата-ана баласының кіммен араласатынын, немен айналысатынын қадағалауы керек. Мұғалімдер мен тәрбиешілер жастарға бағыт-бағдар беріп, экстремистік идеологияның қауіптілігін түсіндіруі тиіс.

Бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі де ерекше. Дұрыс әрі нақты ақпарат тарату арқылы радикалды идеологияның таралуына тосқауыл қоюға болады. Ақпараттық қауіпсіздік мәселесі қазіргі заманның басты талабы. Қоғам діннің шынайы құндылықтарын түсініп, экстремизм мен радикализмнің дінге еш қатысы жоқ екенін ұғынуы қажет.

Діни экстремизммен күрес тек жазалаумен шектелмеуі керек. Бұл рухани, тәрбиелік, білім беру бағытындағы кешенді жұмыс. Сонда ғана біз қоғамда тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтай аламыз. Әрбір азамат діни экстремизмнің салдары қандай ауыр болатынын түсініп, оған қарсы тұруда өз үлесін қосуы тиіс. Біздің болашағымыз - бүгінгі іс-әрекетімізге байланысты.

**“ALDASPAN” талдау орталығы, Қосшы қаласы ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы бойынша**

Бетті дайындаған **Дәулетқали СЕЙІТҚАЛИҰЛЫ**

ЖІГІТКЕ ЖЕТІ ӨНЕР АЗ, ЖЕТПІС ӨНЕР КӨП ЕМЕС

ТАҒЗЫМ

# ҚҰРМЕТТІ ҰСТАЗҒА – 100 ЖЫЛ

## ӨЗДЕМБАЕВ МӘННӘП АБДОЛЛАҰЛЫНА АРНАЛҒАН ЕСТЕЛІК

2025 жылдың 20 мамырында Қазақ КСР-і мен КСРО-ның еңбек сіңірген ұстазы, еңбек ардагері, шынайы патриот, Сүйіндік руының ардақты өкілі Өздембаев Мәннәп Абдоллаұлының дүниеге келгеніне 100 жыл толды.



Әр халықтың тарихында есімі мәңгілікке ел жадында сақталатын тұлғалар болады. Бұл – өмірін еліне қызмет етуге, өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуге, халқының намысы мен рухын сақтауға арнаған жандар. Сондай асыл да, абзал тұлғалардың бірі – Өздембаев Мәннәп Абдоллаұлы. Ол – еңбегімен елге танылған ұстаз, еңбек ардагері, шын мәніндегі патриот. Білім жолында еңбек еткен ел азаматтары қашанда ұмытылмасы анық.

Дала рухын бойына сіңірген Мәннәп Абдоллаұлы 1925 жылы 20 мамырда Ақмола облысы, Тайтөбе ауылында дүниеге келген. Әкесі Абдолла – ауылдың сыйлы ақсақалы, анасы Құлəнда – кең жүректі, мейірімді, парасатты ана еді. Ата-анасының тәрбиесінің арқасында бойына адалдық, еңбекқорлық, білімге деген сүйіспеншілік пен құштарлық сияқты құндылықтарды сіңіре білді.

Жастайынан туған жердің еңбекке баулитын ортасында өскен Мәннәп жеті жылдық мектепті аяқтап, педагогикалық училищеге түсіп, ағартушылық жолына дайындалады. Алайда басталған Екінші дүниежүзілік соғысы жас Мәннәптің өмір жолын өзгертті. Ол тылда қалып ауыл шаруашалығында аянбай еңбек етіп,елдің қорғанысын нығайтуға, майданда жүрген жауынгерлерді азық-түлікпен қамтамасыз ету жолында орасан зор үлесін қосты.

Соғыс жылдарындағы тылдағы ерен еңбегі үшін Мәннәп Абдоллаұлы келесі мемлекеттік марапаттарға ие болды:

- «1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысы кезіндегі Ерен еңбегі үшін» медалі,
- КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының медалі (1946 ж.)
- «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» медалі (1957 ж.)
- Ұлы Отан соғысының 30, 40 және 50 жылдық мерейтойлық медальдары.



Тайтөбе орта мектебі, 1957 жыл

1944 жылдан бастап Мәннәп Абдоллаұлы оқу-ағарту ісіне адал қызмет етіп, педагогикалық қызметін бастады. Ол Ағанас, Шнет, Шалқар ауылдық мектептерінде мұғалім болып еңбек етті. 1946 жылы Ақмола педагогикалық училищесін түседі, кейін 1952 жылы Қарағанды қаласындағы “В.М.Молотов атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтында” білім алып, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығын меңгерді.

1961–1985 жылдар аралығында, зейнеткерлікке шыққан уақытқа дейін кіндік қаны тамған Тайтөбе ауылындағы мектептің директор қызметін атқарды. Ол – білікті ұстаз, тәлімгер, беделді басшы ретінде қазақ тілі мен әдебиетін оқытуға өмірін арнады. Оның жетекшілігімен бірнеше буын білімді, адал, еңбекқор шәкірттер тәрбиеленді. Оқушылары бүгінде елдің әр түкпірінде қызмет етіп жүрсе де, бәрі де ұстаздарын жылы ықыласпен еске алады.

Білім беру саласындағы елеулі еңбегі үшін келесі марапаттарға ие болды:

- Қазақ КСР Халық ағарту ісінің үздігі белгісі (1979 ж.);
- КСРО Халық ағарту ісінің үздігі белгісі (1985 ж.);
- «Еңбек ардагері» медалі (1985 ж.).

Мәннәп Абдоллаұлы тек ұстаз ғана емес, белсенді қоғам қайраткері де болды. 1957 жылдан бастап КПСС мүшесі, Қосшы ауылдық кеңесінің депутаты, XXXV партия конференциясының делегаты атанды. Қоғамда беделі жоғары болып, халық оның пікіріне құлақ асып, терең құрметпен қарады.



1945 жылы Мәннәп Абдоллаұлы Темірғалиқызы Кәмиләшқа үйленіп, он бала тәрбиелеп, берік әрі тату-тәтті отбасын құрды. Бүгінде олардың әулетінде 27 немере, 57 шөбере, 3 шөпшек бар. Барлығы да ата-әжесінің есімін мақтанышпен еске алып, тәлімін жалғастырып келе жатқан абыройлы ұрпақтар.

Мәңгі өшпейтін есім Мәннәп Абдоллаұлы 1998 жылы 73 жасында дүниеден өтті. Алайда ол туралы естелік ел жадында әлі күнге дейін сақтаулы. Оны құрметпен еске алатын ұрпақтары, шәкірттері, әріптестері, ауылдастары мен жалпы халық. Ол – мейірімділіктің, адалдықтың, еліне деген шынайы сүйіспеншіліктің символына айналды.

Оны жақын танығандар «Еліне елеулі, халқына қалаулы» деп еске алады. Жеке таныс болмаса да, оның өмір жолымен танысқандар оны білікті ұстаз, шынайы азамат ретінде танып, есінде сақтайды. Оның есімі – қазақ елінің нағыз ұлы ретінде халық жадында мәңгі сақталады.

**ҰСТАЗ РУХЫНА**

Тұлға еді елге үлгі, сөзі дана,
Шәкірттерін жетелеген армандарға.
Қалам ұстап, білім нәрін үйреткен,
Басымды иіп, тағзым еттім ұстазға.

Өтті өмір – еңбекпенен, абырой,
Жаны таза, жүрегі кең, даңғыл ой.
Сүйіндік руы мақтанады сенімен,
Ұрпақтарын жалғастырар ізіңнен.

Із қалдырдың қанша шәкірт оқытып,
Бойларына ар мен білім тоқытып.
Халық сені ұмытпайды біліп қой,
Тұрса-дағы қанша ғасыр, жыл өтіп.

**Сәуле Түгелбаева, Silk Road Today меншікті тілшісі, немере келіні, Перизат Өздембаева, немересі**

ҰЛАҒАТ

# АТА ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерекесін көре алмай кеткен бабаларымыздың рухына бас ие отырып, үлкен атам Шахман Іляясовтың өмірі жайлы және елін, жерін жаудан қорғаған ерліктерін насихаттау, мақтан тұту мақсатында баяндап отырмын.



Естіген құлаққа ауыр тиетін, ызғары қатты, бейбіт елдің берекесін қашырған да осы – соғыс еді. Соғыстан көрген зардапты, қайғы-қасіретті, жан жараны ешкім де ұмыта алмайды. Екінші дүниежүзілік соғыс – адамзат тарихындағы халықтың басынан өткен үлкен қасірет. Сұрапыл жылдары соғысқа аттанған қаншама майдангерлер жанкешті ерлік көрсетті.

Сол бір отты жылдарды басынан кешкен атам Шахман Іляясов Қарағанды облысы Нұра ауданы Өріксай ауылында 1908 жылы өмір есігін ашқан. Ауылда жұмысшы болып, кейін оқуға түсіп, мұғалім мамандығын алды. 1932 жылдың қыркүйек айынан Қарағанды облысы Нұра ауданы Киевка (қазіргі Нұра) кентінде мұғалім болып қызмет жасайды. 1936 жылы Бәтима апамызбен бас қосады. 16 жасында тұрмысқа шыққан Бәтима апам 1916 жылы Қарағанды облысы Нұра ауданы Қызылшілік ауылында дүниеге келген. Соғыс жылдары әжеміз Бәтима мектепте мұғалім болып, кейін қиын-қыстау сәтте тігіншіліккен айналысып, майданға өз үлесін қосқан жан. Атам 1939 жылы наурыз айынан бастап Нұра ауданы білім бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарды.

1942 жылы 2 ақпан күні Қарағанды облысы Нұра ауданы әскери комиссариятынан соғысқа аттанды. 1943 жылы оқ пен оттың ортасында жүріп, жаумен кезекті бір шабуылда жарақат алып, госпитальға түседі. Емделіп, соғыс майданына қайта оралады. Воронеж- Шумлинский атындағы Қызыл Ту, Суворов және Еңбек Қызыл Ту орденді 19-атқыштар дивизиясында атқыш бөлімі атамыз 1942 жылдың қыркүйегінен 1945 жылдың қыркүйегіне дейінгі аралықта атқыштар бөлімшесінің командирі дәрежесіне дейін көтеріліп, өз борышын абыроймен атқарған.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығы негізінде 1945 жылы 25 қыркүйек айында елге оралады. Жеңістің туын желбіреткен ардагер атамыздың ерлік марапаттары да баршылық. «Ұлы Отан соғысының II дәрежелі» ордені және Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушылардың мерейтойлық медальдарымен марапатталған. 1990 жылы 22 қарашада 82 жасында қайтыс болған. Әжем Іляясова Бәтима 14 мамыр 2005 жылы 89 жасында дүниеден өтті. Екеуі де Астана қаласының жанындағы Ильинка ауылына жерленген.

Біздің бағымыз бен бақытымызға қарай елге аман оралып, тағдырына немерелері мен шөберлерін көруге жазған атам шынымен де өзін бақытты сезінуші еді. Біз үйге келгенде, бала-шаға, келін, қыз демей маңдайымыздан сүйіп, жүздері балбұл жайнап, жайдары мінезімен қарсы алатын.

Атам мен апамның артынан түлеп ұшқан 5 ұл, 3 қыз,7 немере, 33 шөбере, 23 шөпшек сияқты ұрпақтары бар. Мақтанышымыз болған бабамыздай батыр, өр тұлғалы болсын деген ниетпен және ерлікке толы есімді дәріптеу үшін атамның шөпшегі, немеремнің есімін Шахман деп қойдым. Бабасына тартқан немерем Шахман сондай қайсар, аққөңіл, қолындағысын достарымен бөлісіп, адамдарға жаны ашып, көмектесуге дайын тұрады. Иә, қолымнан шәй демдеп, ас ұсынып, ата батасын алған өзімді бақытты келін санаймын.

«Таулар алыстаған сайын биіктей түседі» демекші, қайсарлықпен шайқаста ерліктің сан үлгісін көрсеткен майдангер атамның жарқын бейнесін, тау тұлғадай көремін. Батылдық пен табандылықтың көрінісі болған атамның адамгершілігі, адалдығы, адамға жасаған жақсылығы мен мұқтаж жандарға қол ұшын берген көмегі үлгі болып, ұрпағының ойында жатталып, жүректе сақтала бермек. Өнегеге толы ата болмысымен мақтанамын!

**Сұлуай Іляясова, Рақымжан Қошқарбай атындағы №1 жалпы орта білім беретін мектептің директоры**

БАТЫРДЫ ЖАУДА, ШЕШЕНДІ ДАУДА СЫНА

ШАБЫТ

Қоңыр даланың қоңыр әуені – гитараның алты ішегінде һәм орындаушының алпыс екі тамырында боздайтын құдыретті әуен. Василий Григорьевич Перов (1834-1882) деген есімді орыстың керемет кеспіршісінің – «Гитарист-бобыль» деген майлы бояу мен тарғыл кенептенгі керім сүгіреті бар. Сүгіреттің өзі сөйлеп тұрғандай таңғажайып бейне-кейіп! Нағыз таланттың кейіпі, аумаған.



# НҰРЛАН ӨНЕРБАЙ – УАҚЫТТЫҢ ДЕГЕНІ...

(озан эссе)

Осы бейнеден мүлдемге бекзат қитаршы досым Нұрлан Өнербайды көремін!?

Алты ішектен шыққан аламан сиқырлы дүриятты бозқу сұңқыл алты құрлық, жеті өңір, сегіз түстіктің үн тілі көктейді. Гитара деген аспанда ұшқан алты қаздың қаңқылын айдындай шайқап, айнадай қайталап жаңғыртатын саз аспабы. Хош, құдыреті бір дәуірдегі көне бабылдық, көне гректік. ежелгі ұрымдық, немесе үнді-қытайлық, тіпті бағзы мысырлықтар ұсынған үйлесімді сырлы әуездің шытыра (ситра) шертері осы. Бертіндегі сазды тауыриһаттың еуротүбтік өнердің «жыны қонған» замандағы ерен-ерен зергерлер мен (XV ғ. XVI ғ.) месекерлері бірлесіп гитараларды өнер өмірге берген. Осындай биікке шапшып, терең шұңетке сүңгіген үйеңкі тамырлас тропиктік өсім пәлиməуесінен жасалып бүгінге шейін жалғанған һаспап. Ол шертермендер дүниеге зерлеп берген ым-дыңғыр осы күнгі күмбір де шіңгір – қитара. Ішпақандардың ішқұсалау әуезшілері осы даңғыра сұңды ағашпен қайта дәуірлеу тұсында қатты думандатқан ғой. Бұл қитара – құбылысы сан ғасырлық жастағы homo sapiens адамымен шамалас мүмкн...

Қитараның әуезіне жетпісінші һәм сексенінші жылдардағы ұлт рухына шөліркеген жастар өлермен Мәжнүндей ғашық болған. Ол кездегі бар қайран қазақтың бүкіл жастарын тек қана – «Досмұқасан» тобының бейғайып озанды жанайқайы оятқан-ды. Оның орны әрине бөлек лепе, орасан қайғылы тірі сазды әуездің көзі.

### ҚОҢЫР ДАЛАНЫҢ ҚОҢЫР ҮНІ

Даланың бозторғайының сүлей үнін шарбы бұлтарға орап алып жететін қоңырқаздың қаңқылындай бір ғажап үн алыстан естілген. Сондағы бір сәт, тәтті мезетте: дәстүрлі әуездің түп-тұнық тұма сарыны, оттай ыстық, оқтай түзу сән сипатты дауысы, лирикалық, көркем өрнекті муза әуені, де әуеден мөлдір тамшы түскендей біртүрлі әсер еткені бар. Ойпырай деген: «Үкілі кәмшат», «Беу, айдай», «Бір бидай-арпа», «Дударай» әндерін қитарамен көктеген қияқ мұртты сымбатты жігіттің байырғы үні ерекше. Ұзақы жақтың ұшқынын шашқан осынау ұшқатты, тобылғылы, бұйырғынды түземдік кеңісте өскен өткен заматтың уысындағы өзінше бұлқынған бұла талант Нұрлан Әлтайұлы Өнербай. Майсаңды самалды жазғытұрымғы әз маусымның жусан иісі сіңген – «Ауылым» және ішкі мазмұнымен тура сәйкескен дала сағынышы бізге – «Сағыныш» түренімен жеткен-ді.

### СҰЛУ САЗ

